

ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ: САПА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Елімізде швейцариялық технология бойынша жолаушы вагондары шығарылмақ. Ағымдағы жылдың 13 желтоқсанында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Stadler» компаниясы арасында отандық вагон жасау зауыты базасында құрастырылатын жолаушылар вагондарына қажетті жабдықтар жеткізу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша келісімшартқа қол қойылды.



Әсел ШАЙХЫНОВА,
Астана

Келісімшарт 2021 жылғы 29 қарашада ҚР Мемлекет басшысының Швейцарияға ресми сапары барысында қол қойылған компаниялар арасындағы Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру шеңберінде жасалды.

Ал 14 желтоқсан күні Қасым-Жомарт Тоқаев «Stadler Rail AG» директорлар кеңесінің төрағасы Питер Спулерді қабылдап, Қазақстанда жолаушылар вагондарын шығару жобасы және оны жүзеге асыру барысы талқыланды. Президентке швейцариялық компанияның вагон жасау зауытын жаңғырту, қазақстандық алюминийді пайдалану және толық өндіріс циклін құру жөніндегі жоспар баяндалды.

Питер Спулер 2030 жылға қарай локализация деңгейін 35%-ке жет-

кізуге ниетті және қазақстандық өнімді экспортқа шығару жоспарда бар екенін атап өтті. Сонымен қатар, білім беру мен үйрету мәселесі талқыланды. Компания қазақстандық жастарды оқыту орталықтарын ұйымдастыруды, сондай-ақ отандық оқу орындарымен сындарлы қарым-қатынас орнатуды жоспарлап отыр. Мемлекет басшысы бірлескен жобаны жүзеге асыру Қазақстан мен Швейцария арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайта түсетініне сенім білдірді.

Stadler компаниясы 2023-2030 жылдар аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобына арнап 537 жолаушылар вагонын құрастыруды ұйымдастыру үшін зауыттың өндірістік алаңы мен жабдықтарын жаңғыртуды жоспарлап отыр. Сарапшылардың пікірінше, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Stadler компаниясы ынтымақтастығының нәтижесінде жолаушылар вагондары паркін



техникалық жағдайы айтарлықтай жақсарып, жолаушылар қауіпсіздігі мен жайлылығы арта түспек.

Stadler компаниясы жоғары сапа деңгейімен, заманауи жабдықтарымен және бірегей ноу-хау технологияларымен ерекшеленетін теміржол жылжымалы құрамының ірі еуропалық өндірушісі болып табылады. Швейцариялық компанияның жылжымалы құрамы 45 елде, соның ішінде қысы қатал Скандинавия елдерінде қолданыста. Бұл вагондар ауа жылыту және қосымша жылытқыштарымен бірге

кондиционермен жабдықталған, дизель және электр қуатымен жұмыс істейді. Кәсіпорынның жылжымалы құрамдар шығарып келе жатқанына 80 жыл. Компанияның бас кеңсесі Швейцарияның шығысындағы Буснанг қаласында орналасқан.

– Инновациялық өнімдеріміз бен тәжірибеміздің арқасында біз Қазақстандағы жолаушылар тасымалының жаңа деңгейін құруға маңызды үлес қоса алатынымызға сенімдіміз, – деді Питер Спулер.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

Актуально

БЕРЕЧЬ ГЛАВНЫЙ КАПИТАЛ

В АО «НК «ҚТЖ» прошел IV ежегодный Форум по производственной безопасности и охране окружающей среды (Health & Safety). Соорганизатором значимого мероприятия выступила Samruk Business Academy. Девиз нынешнего форума: «Эффективный менеджмент – результативность профилактических мер».



Жаныбек КЕНЕС,
Астана

В этом году мероприятие проходило в офлайн- и онлайн-формате. Онлайн-трансляция на YouTube собрала аудиторию из более 1 400 человек.

Открыл форум приветственным словом председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев. Он отметил, что безопасность сотрудников – приоритет номер один в компании.

– В прошлом году я подписал личное обращение к каждому сотруднику компании, где подтвердил их право на приостановку или прекращение небезопасных работ без отрицательных последствий для работника. В 2021 году свое право на приостановление работ, угрожающих жизни и здоровью, использовали в 600 случаях. В этом году таким правом воспользовались 597 раз. А всего было выявлено более 22 000 опасных условий и опасных действий против 25 000 выявленных угроз прошлого года, – сказал он.

Также Нурлан Сауранбаев подчеркнул, что нулевой травматизм – это достижимая цель.

– В структуре нашей компании длительное время



работают производственные подразделения без единого случая травматизма. К примеру, Акжайыкская дистанция сигнализации и связи, Сексезульское эксплуатационное локомотивное депо, Казалинская дистанция энергоснабжения работают без травматизма более 30 лет. В этих подразделениях ценят жизнь и здоровье самого главного нашего с вами капитала – людей, – отметил спикер.

От имени председателя правления АО «Самрук-Қазына» с приветственным словом выступил управляющий директор по связям с общественностью, социально-трудовым отношениям и охране труда АО «Самрук-Қазына» Гибрат

Ауганов. Он подчеркнул, что 2022 год был объявлен в группе фонда Годом безопасности и дал новый толчок развитию данного направления. Летом текущего года главы всех крупнейших портфельных компаний фонда, включая ҚТЖ, подписали личные обязательства по обеспечению безопасности своих сотрудников. А стальная магистраль, являясь крупнейшим работодателем страны, должна являться локомотивом развития культуры безопасности во всех регионах Казахстана.

В своих выступлениях представители подразделений АО «НК «ҚТЖ», а также партнеры компании поделились успешными кейсами в

области МСЖД (международные стандарты H&S), ССППО (технический сертификат в обеспечении БиОТ), Латвийская железная дорога (о системе безопасности на базе сети видеонаблюдения на всех объектах железнодорожной инфраструктуры и вокзалов). Среди приглашенных экспертов также были коллеги из других компаний «Самрук-Қазына». Так, о коммуникациях в области международных стандартов HSE в АО «НАК «Казатомпром» рассказал управляющий директор по производственной безопасности Манас Искаков.

После выступления спикеров состоялась панельная дискуссия на тему: «7 золотых правил – как основа результативности профилактических мер». Отмечено, что многие годы в ҚТЖ вкладываются усилия и ресурсы в продвижение ценностей и подходов безопасного производства, а мобильное приложение «Интегрированная система «Производственная безопасность» (ИС ПБ), которым пользуются более 100 000 железнодорожников Казахстана, в августе этого года вызвало неподдельный интерес участников Всемирного саммита Международного фонда по предотвращению профессиональных рисков (ОРП).

Завершая работу форума, председатель совета директоров АО «НК «ҚТЖ» Юрий Лавриненко поблагодарил всех участников мероприятия и добавил, что требования охраны труда и производственной безопасности должны соблюдаться на всех уровнях, независимо от должности.

Фото
Александра ЖАБЧУКА

СЕРВИСЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ



Сервисы KTZ Express представолили на European Silkroad Summit 2022 в крупнейшем грузообразующем хабе западной Европы – городе Дуйсбурге (Германия). Саммит стал площадкой для диалога более 300 специалистов отрасли железнодорожных перевозок со всего мира.

Делегацию Казахстана на ежегодном мероприятии возглавили вице-президент по логистике АО «KTZ Express» Айбек Капар и директор китайского офиса АО «KTZ Express» Садваккас Сейтжанов. Участники рынка железнодорожных контейнерных перевозок Китай – Европа обсудили перспективы Нового Шелкового пути в изменившихся условиях.

На панельных сессиях участники ежегодного мероприятия обсудили актуальные вопросы развития перевозок по Новому шелковому пути, руководители крупнейших логистических компаний из Китая и Европы поделились практическим опытом по решению логистических задач в новых геополитических условиях.

Руководством KTZ Express презентованы сервисы компании, варианты сотрудничества, а также меры, принимаемые для обеспечения бесперебойного курсирования грузов: оптимальные параметры скорости, стоимости и сохранности доставки грузов.

На саммите отмечалось, что рынок железнодорожных контейнерных перевозок Китай – Европа, который стремительно рос с 2017 года, в этом году замедлился, но продолжит расти. Слета объемы контейнерного транзита Китай – Европа начали восстанавливаться. Это обусловлено отчасти новыми приходящими на рынок грузопотоками. Росту объемов железнодорожных перевозок в направлении Европы способствует рост спроса на доставку химических грузов из Китая в ЕС. Объемы из Европы снизились по большинству номенклатур.

Среди одной из перспективных номенклатур участники конференции отметили возможность железнодорожных перевозок аккумуляторных грузов. В сентябре Китайские железные дороги сняли запрет на железнодорожные перевозки электромобилей. Эксперты считают, что в будущем могут быть также разрешены железнодорожные перевозки литиевых аккумуляторов и других опасных грузов.

Любовь РОВБА

КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІНІҢ ЭКОЖҮЙЕСІН ҚҰРАДЫ

ЕАЭО-да цифрлы көлік дәліздерінің экожүйесін құру жұмыстары жалғасуда. Бұл туралы Еуразиялық экономикалық комиссияның бейінді сарапшы топтарының отырысында талқыланды.

Сарапшылық қауымдастық тарапынан отырысқа ірі көлік-логистикалық және сарапшылық компаниялар қатарында қазақстандық «Біріккен Көлік Логистикалық Компаниясы Еуразия теміржол альянсы» АҚ және ресейлік компаниялар өкілдері қатысты. Цифрлы инфрақұрылымдық экожүйе құру бойынша жобаларды, яғни ұлттық сервистердің ақпараттық-коммуникациялық көрсеткіштерін қарай келе қатысушылар осы мәселені тәжірибеде қолдануға көшуге қатысты келісілген тәсілдерді ұсынды.

Жоба ауқымын арттыру және Одақ аумағында бірыңғай көлік-логистикалық кеңістік құру үшін сарапшылық топ мүшелері мультимодальды тасымалды басқарудың цифрлы тетіктерін қолдану бойынша бірлескен пилотты жобаны ұйымдастырған дұрыс деп шешті.

2020 жылы қарашада Комиссия кеңесін анықтаған сервистер тізімі мен қажетті цифрлық инфрақұрылымға сүйене отырып отырысқа қатысушылар пилотты жоба шеңберінде оларды апробациялау үшін басымдыққа ие сервистерді бөліп көрсетуді ұсынды. Соның ішінде автомобиль көлігіне қатысты электронды халықаралық көлік жүкқұжаттарын қолдану бойынша сервис, сонымен қатар теміржол көлігіне қатысты электронды халықаралық көлік жүкқұжатын енгізу сервисі және электронды жол парағын қолдану бойынша сервистер бар.

Ұлан ОРАЗ



Нуржан КЕЛЬБУГАНОВ,

заместитель генерального директора
ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»:

ОТПРАВКА ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ
МАРШРУТАМИ И ГРУППАМИ УСКО-
РИТ ОБОРОТ ПОДВИЖНОГО СОСТА-
ВА И СОКРАТИТ ВРЕМЯ ДОСТАВКИ
ГРУЗОВ. МЫ ПРОАНАЛИЗИРОВАЛИ
ПЕРЕВОЗКИ И УВИДЕЛИ
ПОТЕНЦИАЛ ДЛЯ УВЕЛИЧЕНИЯ
МАРШРУТИЗАЦИИ ПЕРЕВОЗОК.
МИНИМАЛЬНОЕ КОЛИЧЕСТВО
ВАГОНОВ ОТ ОДНОГО ГРУЗООТ-
ПРАВИТЕЛЯ ДОЛЖНО СОСТАВИТЬ
10 ЕДИНИЦ В СУТКИ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ

3400

РАБОТНИКОВ
АО «ПАССАЖИРСКИЕ
ПЕРЕВОЗКИ» ПРОШЛИ
ОБУЧЕНИЕ В 2022 ГОДУ

ВСЕГО ЗА ЯНВАРЬ – НОЯБРЬ
2022 ГОДА ПЕРЕВЕЗЕНО
ОКОЛО

13 млн

ПАССАЖИРОВ

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ РАЗНЫМИ
ВИДАМИ РЕМОНТА БЫЛО
ОХВАЧЕНО ПОРЯДКА

1 000 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

 Ардан СЕРДАЛЫ,
Ақтөбе



Тәуелсіздік мерекесі қарсаңын-
да Ақтөбе станциясындағы
желілік полиция бөлімінің
қызметкерлері қайырымдылық
акциясын өткізді.

Олар биылғы жылы қорытындыланғалы отырған «Балалар жылы» аясында бір отбасыға көмек көрсетті. Темір жолдың тәртіп сақшылары 34 жастағы жалғызбалалы көпбалалы ананың отбасына арнайы барып, жеке құрам атынан қомақты көмек берді. Отбасында бес бала бар, ең кішкентайы ауыр сырқатқа ұшырап, ем қабылдауда. Көпбалалы ана полицейлер тарапынан көрсетілген қолдау-көмекке риза болып, алғысын жаудырды. «Қайырымдылық акциясына біздің 70-тен аса қызметкеріміз қолдау білдіріп, жиналған қаражатқа отбасыға азық-түлік пен қаржылай көмек көрсеттік», – дейді Ақтөбе станциясындағы желілік полиция бөлімінің өкілі Роза Төлегенқызы.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

 Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау



Маңғыстау темір жолында
тәрбиелік һәм тағылымдық
маңызы зор кездесу өтті. Аға
буын ардагерлер мен бүгінгі
жас буын бас қосты.

Жиынға ай-
мақ темір жо-
лының түрлі
саласында ең-
бек етіп жүрген
жастар арнайы
шақырылып,
ғибратқа толы
өмір жолы ең-
бекпен өрілген
аға буынның әңгімесін тындап, емен-жарқын сұхбат құрды. Олар Маңғыстау вагон пайдалану депосын талай жыл басқарып, зейнетке шыққалы отырған Сәрсенбай Есенқұловқа, Маңғыстау локомотив пайдалану депосының ардагер машинисі Ақан Хасеновқа, станция бастығы болған Ақназар Қайнарбаевқа кәсіби қызметтеріне байланысты түрлі сауалдар жолдап, олардың қызығы мен шыжығы мол өткен өмір жолына қанығып, кеңес алды.



Жас буын үшін қызықты әрі рухани азық болған жиын соңында сөз алған қосалқы бөлім бастығы Нәжімеден Ғұбашов меймандардың Маңғыстау темір жолының өркендеуіне қосқан үлесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Жастармен диалог асып, осындай басқосуға мұрындық болғандары үшін алғыс айтты. «Бұл нағыз шеберлік сабағы болды деп ойлаймын» деді. Қонақ қадесіз болмас демекші, ардагерлерге естелік сыйлықтар табысталды.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРҒА СЕНІМ АРТАДЫ

 Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс



Тоғыз жолдың торабында
тұрған Арыс қаласы ежелден
теміржолшылар қаласы а-
талып кеткен. Ғасырдан асатын
тарихы бар қалаға теміржолшы
кәсібі де ерте сіңген.

Бүгінгі таңда да ірі тораптық станцияда шоғырланған теміржол кәсіпорындарында еңбек ететін жергілікті тұрғындар – жүздеген жыл еңбек өтілі қалыптасқан теміржолшылар әулеттерінің ұрпақтары. Осы аптада Арыс қаласының әкімі Гүлжан Құрманбекова жергілікті теміржолшылармен кездесті. Арыс станциясының бастығы Бөгенбай Тоқсейітов бастаған басқосуда қаланың өсіп-өркендеуі мен даму жолындағы жоспар-жобалар сөз болып, оған теміржолшылардың белсенді қатысу қажеттігі айтылды.



«Арыс қаласы мен теміржолшылар – егіз ұғым. Бір-бірінен ажырамайды. Сондықтан қаланың заңды иесі ретінде сіздерден күтеріміз көп, көмектеріңізге жүгінеміз», – деді Гүлжан Мамытқызы. Басқосуда әкімдік өкілдері халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында мемлекет тарапынан ұсынылатын көмектер туралы айтып, керек кеңестер берілді. Сол сияқты 2,5 проценттік несие алу арқылы жеке кәсіпті дөңгелетудің тетіктері түсіндірілді. Ағаш отырғызу мен қала тазалығына, қоғамдық орындарда жоғары мәдениет сапасын көтеруді, жас буынның тәртіп-тәрбиесіне немқұрайлы қарамау жайы да сөз болды.

Суретті түсірген автор

АЯГӨЗ – БАҚТЫ: ЖОБА МЕН ЖОСПАР

Қазақстаннан Қытайға тартылатын үшінші теміржол желісі «Аягөз – Бақты» тармағын тарту мәселесі осыдан ондаған жылдар бұрын көтерілген болатын. Тек қазіргі таңда пісіп жетіліп отыр. Оған Мемлекет басшысының Жолдауында Үкімет алдына қойған тапсырмасы да дәлел.

 Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Президент міндеттемелері мен «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде Қытайдан транзиттік ағындарды ұлғайту үшін бірқатар жобалар жоспарланғаны белгілі. Атап айтқанда, «Достық – Мойынты» теміржол учаскесін электрлендіру, Семейден «құрғақ порт», «логистикалық парк» салу сынды бірқатар межелі шаралар көзделген болатын. Бұл орайда Қытаймен шекаралас облыс ретінде Абай облысының мүмкіндіктері мол. Әсіресе, Бақты кеден бекетіндегі шекара өткелінде Қытаймен еркін сауданы дамытудың әлеуеті зор. Осынау тарихи шекара өткелінің 200 жылдық тарихы бар, ол «Қытайдың Еуропаға шығар терезесі» ретінде белгілі.

Осы орайда ел үкіметі Аягөз – Бақты теміржол телімін салуға басымдық беріп отыр. Өткен аптада үкімет тарапынан маңызды шаралар жасалынды. Атап айтқанда, ҚХР-дан үшінші шекаралық теміржол өткелінің техникалық-экономи-

калық негіздемесін әзірлеуші анықталды. Яғни, көлік және логистика академиясы «Семей-Ақтоғай теміржол учаскесіне шығатын қазақстан-қытай шекарасындағы үшінші шекаралық теміржол өткелінің құрылысы» жобасын даярлайтын болды. Жобалаушылар таяу күндері Семей өңіріне келіп, Үржар мен Аягөз аудандарында құрылыс жүргізілетін орындарды нақтылап, Бақты халықаралық шекара өткелінің инфрақұрылымын жоспарлауға кірісуі тиіс.

Қазіргі таңда Абай облысында осы бағытта басталып кеткен жұмысқа шекара және кеден қызметтерінің, өңірлік экология департаментінің өкілдері қатысуда. Сонымен қатар, Семей ЖТ бөлімшесінің қосып отырған үлесі ерекше. Шығыстағы теміржолшылар құзырлы орындар үшін өз ұсыныстарын әзірлеп жолдаған. Семейлік теміржолшылар барлау, анықтау жұмыстарын жазда жүргізіп үлгерді. Бөлімше басшылығы бастаған арнайы комиссия Аягөз станциясы мен Бақты кеден бекеті аралығындағы 270 шақырымды жүріп өтіп, жер рельефі жайлы деректер жинады.

Аудандар әкімдерімен кездесулер өткізді. Соның нәтижесінде ұсыныс тұжырымдамалары әзірленді.

Семейлік теміржолшылар жаңа тармақты Семей – Ақтоғай телімімен тек №22 жол айрығынан қиылыстырған дұрыс деген пікірде. Себебі, Аягөз қаласының күрделі инфрақұрылымы осы станциядан жаңа тармақ шығару ісін қиындатады. Сол тәрізді жаңа желіні Аягөз – Бақты тас жолына таяу тұстан салу ұсынылады. Бұл құрылыс жұмыстарына, болашақта жол күтімін жүргізуге оңтайлы мүмкіндік бермек. Сонымен қатар, шекара бекеті небары үш шақырым жерде тұрғандықтан түйсетін тұсты анықтау үшін қос мемлекет өкілдерінің кездесіп-келісуі қажет.

– Жаңа телімді жобалау мен жоспарлауда семейлік теміржолшыларды әлі де ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Жаңа тармақ салына-тын өңірлерде әлі де құрылыс жұмыстары басталғанға дейін көптеген іс-шаралар жүргізілетін болады. Біз барлығына дайынбыз, – дейді Семей магистральдық желі бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары Азат Санмұратұлы.

ҮМІТТІ АҚТАҒАН ТАССАЙ



Төрт облысты басып өтіп, мың шақы-
рымды құрайтын Бейнеу – Жезқазған
темір жолы бүгінде толыққанды
жұмыс істеп, еліміздің транзиттік
әлеуетін арттыруға үлес қосуда.

 Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Магистраль бойында пайда болған ірілі-ұсақты станциялар дамып жатыр. Ақтөбе бөлімшесіне қарасты бір ғана Тассай станциясында биыл 2640 вагон жүк тиелді. 2014 жылдың тамызында салтанатты түрде ашылған Тассай станциясы – иен далаға жан бітірген Қазақстан темір жолының үлкен жобасы. Тәуелсіздіктің төл туындылары туралы Тассай станциясының басшысы Жігер Шыңғысов баяндап берді. Жалпы ұзындығы 988 шақырымды құрайтын Жезқазған – Бейнеу теміржол желісі Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстары арқылы өтеді. Соның Шалқар – Бейнеу көлік дәлізі республика-шілік көлік-экономикалық қатынастар-ды, елдің экспорттық байланысын ұтымды етуге, сондай-ақ транзиттік ағындардың өту



жағдайларын оңтайландыруға орасан зор ықпал етуде. Жалпы, тұтас теміржол желісі республиканың барлық аймақтарындағы көлік байланыстарына оң әсерін тигізді. Қолданыстағы белгілі бір бағыттар бойынша трафиктің таралуын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа маршруттар құрылды. Тасымалдау қашықтығының қысқарғанын ескере отырып, бұл Орталық, Шығыс, Оңтүстік және Батыс Қазақстанның республикадағы көлік-экономикалық байланыстарына және



экспорттық трафикке оң әсерін тигізді. – Соның ішінде біздің Тассай станциясының рөлі ерекше. Жүк тасымалы жылдан жылға артып келеді. Биыл станциядан 155 мың тоннадан асатын 2640 вагон жүк тиеліп, 76 вагон жүк түсіру жұмыстары жүргізілді. Тек алпауыт мекемелер ғана емес, тұрғындар да теміржол қызметінің мүмкіндіктерін пайдалануға ұмтылуда. Әсіресе, қиыршық тас және мұнай тасымалы қарқынды. Жүк тиеу-түсіру жұмыстары жоспарға сай ұйымдастырылып отыр, – дейді Тассай станциясының бастығы Жігер Шыңғысов.

Пайдалануға берілгеніне небәрі 8 жыл болған, 11 адам жұмыс істейтін, салыстырмалы түрде жас станцияда әзірге тек теміржолшылар ғана тұрып жатыр. Заманауи үлгіде салынған 8 үй бар. Онда станция басшысынан бастап, жол дистанциясы, вагон пайдалану депосы, электрмен жабдықтау дистанциясының жұмысшылары тұрады. Жұмысшылар үшін арнайы еңбекші пойызы қатынап тұр.

Суреттерді түсірген автор

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕ ТИІМДІЛІГІ

«Елу жылда ел жаңа» демекші, Тәуелсіздік алған 30 жыл-
да темір жолдың байланыс саласы біраз жетістікке қол
жеткізді. Бүгінде вагондар қозғалысы, бұрмалар, бағдар-
шамдар, телефон, құжат айналымы – бәрі де заманауи
техника, сандық жүйеге көшкен.

 Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Ақжайық белгі беру және бай-
ланыс дистанциясы бастығының
орынбасары Жақсыбай Айтжанов
– кешегі-бүгінгі өзгерістерді көз-
бен көріп, қолынан өткізіп келе
жатқан тәжірибелі теміржолшы.
– Кеңестің көзін көрген
құрал-жабдықтарды кешеге
дейін қолданып келдік. Мәсе-
лен, ОК-12-12, ОМ-3-3, ОВ-12-12
деген кабель және әуе байланыс
желілері болды. Олардың алар
арақашықтығы 60 шақырымнан
аспайтын. Алпыс, кей жерлерде
30 шақырым сайын күшейткіш
орнатылатын. Бізде ондай кү-
шейткіштер Ескенеде, Доссорда,
одан әрі Мақатта, Сағызда болды.
Қыстығүні қатып қалады, қырау
мен қар, суық ауа желіні үзіп
тастайды. Не байланыс нашар
қосылады. Жазда ысып, балқып
кететін. Сонда да солармен жұмыс
істедік. Шкафтарды жиі барып
қарап тұру керек болды. Бұрынғы
ескі телевизорлар сияқты лампа-
лы құралдар жиі жанып кететін-ді.
Содан бірте-бірте жаңаруға көше
бастадық қой, – дейді тәжірибелі
теміржолшы. Айтудыңша, аймақта жаңа-
ру жұмыстары екiмiнaншы
жылдары басталыпты. Қазір
цифрлы механизм 250-300
шақырымды қамтиды. Осы ара-



лықтағы пойыздар қозғалысы
компьютер арқылы көз алдында.
Талшықты-оптикалық желілер
бұрынғыдай ыстыққа қызбайды,
суыққа тоңбайды. Бір қалыпты
үздіксіз жұмыс жасайды. Оның
артықшылығы да сонда. Сонымен
қатар қозғалыс қауіпсіздігін
қамтамасыз ету үшін жүріп бара
жатқан қозғалмалы құрамның
техникалық жағдайына автомат-
ты бақылау жасайтын құрылғы
(КТСМ) іске қосылған. Ол пойыз
доңғалақтарының градусын да
байқап тұрады.
«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Цифрлық
теміржол» стратегиясы Ком-
панияның бизнес моделін цифр-
ландыруды және барлық негізгі
операциялық сегменттерге жаңа
технологияларды енгізуді қарас-
тырады: жүк және жолаушылар
тасымалы, инфрақұрылым және

көліктік логистика, IT дамыту
және басқару үшін үздік әлемдік
стандарттар мен практиканы
қолданады. Технологиялық үрдіс-
тердің дамуына сәйкес, Атырау
жүк тасымалы бөлімшесінде
станциялардың жұмысын жақ-
сартуға ерекше көңіл бөлініп
отыр. Мәселен, Ресейдің Астра-
хань қаласымен шектесетін
Ақсарай-2 мемлекетаралық
түйіспе пунктінде Қазақстан
бойынша экспедиторлардан
транзиттік төлемдерді уақытылы
алу мақсатында жүк кассирлері
мен пойыз қабылдаушыларға
арнап автоматтандырылған
қосымша жұмыс орындары өз
қызметін бастады. Бұл шекара-
да еңбек ететін қазақстандық
теміржолшылар үшін жүйелі
жұмыс тәсілі болып табыла-
ды. Сондай-ақ, Бәйтерек және

Бек-бике станциялары бойынша
да пойыздар және вагондар
мен атқарылған жұмыстардың
мәліметтерін ақпараттық жүйеге
мерзімінде өткізу мақсатында
аталған станцияларда станция
кезекшісіне арнап қосымша
автоматтандырылған жұмыс
орындары қамтамасыз етілді.
– Бұрын қанша вагонның
келіп-кеткені, станция жұмы-
сына қатысты басқа да мәселелер
телефон байланысы арқылы
анықталса, бүгінде барлық
ақпарат автоматты түрде ком-
пьютерде көрініп тұрады. Яғни,
аталған станцияларда ГИД Урал
жүйесі орнатылып, пойыздар
қозғалысы, жұмысты жоспарлау
және вагондарды өңдеу туралы
жедел ақпарат беруге мүмкіндік
ашылды. Ақжайық станциясында
да АСУ-Узел жүйесі енгізіліп, ол
вагондар мен пойыздар жұмысын
ұйымдастыруды, жүкті түсіру
не тиеу бойынша ақпаратты
жеделдетуге мүмкіндік берді. Ал
Сағыз станциясында Ганюшкино
станциясына дейінгі жол телімі
ВОЛС желісіне қосылып, мұнда да
ақпаратты үлкен көлемде және
шұғыл беруге жағдай жасалды.
Тәуелсіздіктің соңғы 10 жылдың
ішінде қайта жарақтанғаннан
бері Теңдік станциясында да
радио, телефон байланысы,
станция паркіне таралатын ды-
бысқұшейткіш, машинистермен
байланыстың бәрі соңғы үлгідегі
қондырғылармен жабдықталған.
АПС, АЛСН құрылғылары да
қолданыста. Жаңа технология-
лардың өндірісте енгізілуі жұмыс
өнімділігіне қарқын беріп отыр,
– дейді Жақсыбай Айтжанов.

Суретті түсірген автор



БУДУЩЕЕ КОМПАНИИ – В НАДЕЖНЫХ РУКАХ!

С 11 по 14 декабря в столице прошел XI Республиканский форум молодежи АО «НК «ҚТЖ», который собрал 250 самых активных и талантливых участников из всех регионов страны.

Организатором масштабного мероприятия традиционно выступил департамент социальной политики АО «НК «ҚТЖ».

За 12-летнюю историю республиканский форум стал неотъемлемой частью работы с молодежью компании, эффективной площадкой для коммуникации, стимуляции инновационной деятельности, обмена опытом и идеями.

Участниками XI Республиканского форума молодежи стали победители первого и второго потоков проекта «100 молодых лиц ҚТЖ», финалисты профессионального конкурса «Жас үздік маман», волонтеры – координаторы проекта «Жеңіс» и региональные представители совета по делам молодежи.

Организаторы всегда продумывают программу таким образом, чтобы она была полезной и интересной и для тех, кто приехал на форум впервые, и для постоянных участников. Основным форматом работы в этом году стали совместное обсуждение стратегии компании, панельные дискуссии, линейки тренингов по темам «Эффективное планирование», «Командообразование», «Мастерство переговоров в новой реальности», «Стрессоустойчивость», «Лидерство» и другие с участием внешних и внутренних тренеров, чемпионат кейсов, интеллектуальные

игры, флешмоб, сессия «Опасные отходы», мастер-класс от эксперта Ларисы Чистоедовой «Управление ресурсностью» и т. д.

В рамках форума участники презентовали топ-менеджерам компании 11 проектов, направленных на улучшение действующих процессов, соответствующих принципам ESG и цифровизации.

Выступая на официальной церемонии закрытия, главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев отметил, что на сегодняшний день в компании трудятся около 35 тысяч молодых специалистов. Это будущее лидеры изменений, и повышение их компетенции и квалификации является составной частью кадровой, технической политики и в целом стратегии развития компании.

– Железная дорога занимает не только ведущее место в транспортном комплексе Казахстана, но и является основой экономики нашей страны. По объему грузооборота ҚТЖ вошло в число 15 крупнейших железнодорожных компаний мира. За 10 месяцев 2022 года этот показатель превысил 203 миллиарда тонно-километров, что выше уровня прошлого года на 6%, – проинформировал Батыр Котырев. – В транзитных перевозках в прошлом году была преодолена рубежная планка в один миллион ДФЭ, в



пассажирских перевозках принимаются меры по обновлению парка и повышению качества сервиса.

Одним из знаковых событий этого года для компании спикер назвал вхождение в топ-25% компаний с самыми высокими показателями рейтинга ESG. Присвоенная оценка 57 баллов свидетельствует о высокой эффективности деятельности ҚТЖ в области устойчивого развития.

– Впервые наша компания полу-

чила настолько высокий рейтинг, – сказал Батыр Котырев.

Он отметил, что Главой государства поставлена задача по трансформации ҚТЖ в транспортно-логистическую компанию, и на железнодорожников сегодня возложена высокая задача по развитию транзитного потенциала страны.

В ноябре компания приступила к модернизации участка Достык – Мойынты, планируется строитель-

ство линии Дарбаза – Мактаарал и обводной дороги вокруг Алматы.

– Реализация новых целей невозможна без участия молодых железнодорожников. Вы являетесь главной движущей силой трансформации отрасли, – подчеркнул, обращаясь к участникам, главный инженер. – Прошу вас не забывать о том, что наша профессия обязывает уделять особое внимание саморазвитию. Батыр Котырев позитивно оценил

результаты проекта «100 молодых лиц ҚТЖ»: 92% руководителей отмечают, что за время его реализации участники повысили свои компетенции, 66 представителей первого потока получили повышение по службе, 21 работник стал внутренним тренером компании, предложено 11 инновационных проектов.

(Окончание на 3-й стр.)
Фото Александра ЖАБЧУКА

Жастар форумы аясында өткен іс-шараның бірі «Қауіпсіздік корпоративтік мәдениеттің элементі ретінде» тақырыбына арналған сессия болды.

Сессия тақырыбы – ҚАУІПСІЗДІК



Бұл сессияда «Қазақтелеком» корпоративтік университетінің HSE&ESG Academy жетекшісі, қауіпсіздік техникасы бойынша он бес жылдан астам уақыт еңбек өтілі бар Азат Ерғалиев форумға қатысушыларды қауіпсіздік техникасын сақтау әлемінде болып жатқан трансформация туралы маңызды ақпараттармен бөлісті.

– «Өнер – бұл сіз көрген нәрсе емес, басқалардың сіздің арқаңызда не көретіні» деп француз суретшісі Эдгар Дега айтып өткендей, қауіпсіздік саласында да қауіпсіздік техникасының сақталуы әрбір жұмыскердің іс-қимылынан, тіпті, көзге көріне бермейтін әрекетінен басталады. Мысалы, сіз басшылық қызметтегі адамсыз, дехты аралап келе жатып, жолыңызда қоқысты, айталық, бөтелкені көріп қалдыңыз, сіздің әрекетіңіз. Қоқыстың жанынан өте шығасыз, оны жинау жұмысшылардың жұмысы деп немесе біреу тастаған қоқысты өзіңіз жинап, тастағаныңыз үшін адамдарға ұрсып, шу шығарасыз, үшінші әрекет, у-шұсыз бөтелкені аласыз да, қоқыс жәшігіне тастай саласыз. Бұл іс-әрекеттің үш нұсқасында, қайсысы дұрыс әрекет дейтін болсақ, сіз өз әрекеттеріңізбен өзгерлерге үлгі боласыз. Сондықтан дұрыс әрекет жасау арқылы, біздің жағдайымызда, үшіншісі, сіз қарамағаныздағы жұмысшыларға үлгі болып, олардың қауіпсіздік техникасын сақтауға тартасыз. Және біздің жұмыстағы, үйдегі немесе сырттағы әрекеттеріміздің балаларымызға, қоршаған ортамызға әсері бар екенін ұмытпағанымыз жөн, – деген Азат Ерғалиев, қауіпсіз іс-қимылға адамдарды тарту жолдарын ұсынды.

Осы ретте, ол қауіпсіз іс-қимылға адамдарды тартудың жаңа тәсілдемесін қалыптастыру жолында бірнеше сұрақтарға жауап беруге тырысты. Сонымен қатар Қауіпсіздік және еңбек қорғау саласындағы құзыреттілік, яғни базалық әдістер мен тәжірибелер, жеке тұлғалармен өзараарекеттесу, білімді жетілдіре отырып, оны тәжірибеде, күнделікті өмірде, жұмыс барысында қолдану, тағысын тағы тәсілдемелер туралы нақты мысал, пікір алмасу түрінде түсіндіріп, аудиториямен жұмыс істеді. Сессияға қатысқан жас теміржолшылар қауіпсіздік іс-қимылының мәдениетін қалай қалыптастыруды қарапайым ұғынықты тілмен жеткізген Азат Ерғалиевке алғыстарын жеткізіп, бұл тақырыптың қауіпті аймақ – темір жолда жұмыс істейтін адамдарға аса маңызды да қажетті екенін атап өтті.

Ислам ТАЛІАТ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БОЛАШАҚ НЕГІЗІ БҮГІННЕН ҚАЛАНАДЫ

XI республикалық жастар форумы шеңберінде қатысушылар Компанияның топ-менеджерлерімен панельдік пікірталасу алаңында жүздесіп, жас басшылардың өз ауыздарынан «ҚТЖ трансформациясы: бастамалар, сын-тегеуріндер, міндеттер» тақырыбында ұлттық компанияның стратегиясы, даму бағыттары туралы мағлұматтарға қанық болды. Панельдік сессияға модераторлық еткен Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Замир Серіков спикерлерге сұрақтар қойды.

1-сұрақ Руслан сізге бағытталды: Компания стратегиясын жаңарту бөлігінде қандай жұмыстар жүргізілуде? Әсіресе, дамудың қай салалары ерекше көңіл бөледі қажет етеді?

Руслан Мужиков, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Стратегия және тұрақты даму департаментінің директоры:

Қазіргі қолданыстағы стратегия бес негізгі бағыттан тұрады. Бірінші бағыт – қаржылық тұрақтылық, өздеріңізге мәлім, Компанияның жоғары деңгейде қарызы бар. Сондықтан компания қаржылық институттармен, Үкіметпен, құзыретті органдармен тарифті көтеру, қарызды азайту бағытында жұмыс жүргізіп жатыр.

Екінші бағыт операциялық тиімділікке негізделген. Осы ретте, вагон, локомотив шаруашылықтары және магистральдық желі дирекциясы бойынша операциялық тиімділікті арттыру бағытында әртүрлі шаралар, стратегиялық сессиялар өткізілуде.

Үшіншісі – клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру. Осыған орай, өлшемдер жасап, біз негізгі жүк жөнелтушілермен сауалнама жүргіземіз, және де алынған нәтижелер базасында қызмет көрсетуімізін жақсартуға, жақсы сервис ұсынуға мүмкіндік беретін түрлі шаралар өткіземіз.



Төртіншісі – теміржол саласындағы стандартты бағыт, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі және еңбек қорғау. Бұл бағытта жұмыс тұрақты жүргізіліп келеді.

Бесінші бағыт – тұрақты даму мәселесі. Бұған әлеуметтік, экологиялық аспектілер және корпоративтік басқару кіреді.

Мемлекет басшысы ҚТЖ-ны көлік-логистикалық компанияға трансформациялауға тапсырма бергенін білесіздер, осыған байланысты біз стратегиямызды түзетуді жоспарлап отырмыз. Әсіресе транзитті күшейтуге, хабарды дамытуға басымдық беріледі.

Сондай-ақ Ұлттық компания бірінші рет, ESG рейтингін жеңіп алды. Бұл – біздің Компанияның үшін жоғары дәреже. Сондықтан Компания әлеуметтік аспект



бойынша, яғни адам капиталын күшейту бойынша жұмыс жасап, экология мәселелерін қарастыратын болады.

2-сұрақ: Функциялардың кеңеюіне байланысты ҚТЖ-да жаңа процестердің пайда болатыны заңдылық. Бұған қоса қолданыстағы процестерді біріктіріп, яғни трансформациялау қажет. Ержан, осы ретте, қандай жаңа процестер ҚТЖ үшін сын-тегеуріндер болмақ? Және бизнесті трансформациялау командасы қалай ҚТЖ-ға өзгеруге көмектесе алады? Мүмкін бұған біздің жастарымыздың да көмегі тиіп қалатын шығар.

Ержан Наурызбаев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Бизнесті трансформациялау орталығы» директорының орынбасары: Мемлекет басшысының ҚТЖ-ны толыққанды көлік-логистикалық компанияға (КЛК) айналдыру туралы тікелей тапсырмасы бар. Жаңа толыққанды КЛК-ның негізгі міндеттері болып, біріншіден, елдің транзиттік әлеуетін дамыту, екінші – аталған әлеуетті монетизациялау, үшінші – өңірлік хабарды дамыту табылады. Осы жерде, айрықша атап өтерлігі, қауіпсіз, сенімді, тұрақты жүк тасымалын қамтамасыз ету Компания басымдықтарының бірі болып қалады.

Біз өткен жылдардың жұмысына талдау жүргізе отырып, 2010 жылдан бері ауқымды жұмыстардың атқарылғанына

көз жеткіздік. Оны өздеріңіз де білесіздер. Қытайдың провинцияларымен меморандум жасалды, Қытай-Еуропа-Қытай бағдарында пойыздар жөнелтілді, солтүстік бағдарда жүк тасымалымен айналысатын ОТЛК ЕРА құрылды, яғни қазіргі күні ҚТЖ-ның толыққанды КЛК ретінде жұмыс істеуі үшін іргетасы қаланды, базасы жасалды. Транзит туралы айтқанда, бір қызығы, 2015 жылдан бастап транзит бес есеге өскен. Ал өткен 2021 жылдың соңында біз рекорд жасадық, Қазақстан аумағы арқылы контейнерлік транзиттік тасымал 1 млн ДФЭ-ден асып, Қазақстан солтүстік-оңтүстік, шығыс-батыс бағдарында ең ұтымды, қысқа теміржол көлігінің дәлізі екенін айтар едік. Қазіргі әлемдік геосаяси жағдайында Қазақстан арқылы теңіз порттарымен жүк тасымалдаудың да келешегі зор екенін көріп отырмыз. Ал транзитті монетизациялау бағытына келсе, дәл қазіргі сәтте, Қазақстан транзитке инфрақұрылымын ұсынып отырған алаң қызметін атқарып отыр, бірақ келешекте біз белгілі бір жерлерде транзиттік пойыздарды құрастыруға қатыса отырып, монетизациялауға көшуге ниеттіміз.

Сонымен қатар жаңа перспективалы стратегиямызда Қазақстан аумағында жаңа өңірлік сауда хабарын құрастыру қарастырылуда. Неге десеңіз, Қазақстан шығыс-батыс және солтүстік-оңтүстік сияқты жаһандық сауда бағдарларын түйісетін нүктеде орналасқан. Сол себепті біздің команда қазір Еуразия хабы бола алатын елімізде сауда хабарының орналасу локацияларын зерттеп жатыр. Бұл – Президенттің тікелей тапсырмасы. Ол бұл туралы сайлауалды кампаниясы кезінде айтқан болатын.

Әлбетте, біз толыққанды Көлік-логистикалық компания болу туралы айтқанда, тек теміржол көлігін ғана емес, сонымен қатар теңіз, автокөлік бағдарын да меңзейміз. Осыған орай, қазір әрбір көлік түрінің оңтайлы дұрыс бағдарын таңдау

бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бәлкім ол әріптестік, бәлкім бірлескен кәсіпорын болуы мүмкін. Қандай жағдайда да біздің компанияның логистикалық рөлін күшейтуге басымдық берілетін болады. Сонымен біз толыққанды КЛК-ға айналғанда қандай нәтижеге қол жеткіземіз?

Бірінші, транзиттік әлеуетті монетизациялаудың ұлғаюына. Ал Компанияның транзиттен түскен кірісі, компанияның ішкі басқа салаларын субсидиялауға кететін бәрімізге мәлім. Екіншіден, өңірлік хабарды дамытуға, Қазақстан арқылы өтетін сауда-жүк ағынын көбейтуге. Бұл өз кезегінде бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер көкжиегі. Трансформация кезінде басты назарда қауіпсіз, сенімді әрі тұрақты жүк тасымалын қамтамасыз ету маңызды болып қалатынын тағы да айтқым келеді. Бұл қазақстандық және сыртқы жүк жөнелтушілер үшін бірдей болмақ. Трансформация тарапынан осы мәселеге қатысты Бизнесті трансформациялау орталығы шеңберінде жобалық-талдау орталығы (ЖТО) құрылды, оның негізінде Компанияның топ-менеджментімен стратегиялық сессиялар өтіп тұрады. Осы ретте, менің командамда қызықты лауазымдық бос орындар бар екенін атап өткім келеді, егер кімге проблемаларды анықтау, инжиниринг процестері сияқты мәселелер қызықтырса, хабарласуларына болады. Менің сіздердің тараптарыңнан ұсынылған жобаларды қарап шығуға мүмкіндігім болды, мені қызықтырған жобалар да бар. Мен олардың авторларымен сөйлесіп, кездесуге дайынмын. Жалпы біздің команданың мүшесі болмай-ақ, өздерің еңбек етіп жатқан жергілікті орындарда өзгерістер агенті ретінде трансформацияға үлес қосамын десеңіздер, сіздерге әрдайым ашықпын.

